

1 2006  
6022

қазақ прозасы

# СЕРІК АСЫЛБЕКҰЛЫ

## ТҮНГІ ҚАЛАНЫҢ ӘНІ

Әңгімелер мен хикаялтар









Қазіргі қазақ прозасы

**СЕРІК  
АСЫЛБЕКҰЛЫ**

ТҮНГІ ҚАЛАНЫҢ ӘНІ

**АНДЫЛАР МЕН ХИКАЙТАР**



Алматы  
"Жазыны"  
2005

ББК 84 Қаз 7-44

А 89

*Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

**Асылбекұлы С.**

**А 89 Тұнг қаланың әні. Әңгімелер мен хикаяттар. Алматы: Жазушы, 2005. – 264 бет**

ISBN 9965-701-83-0

Белгілі жазушы, драматург Серік Асылбекұлының бүл жинағына оның тандаулы әңгімелері мен хикаяттары еніп отыр. Олардың барлығы дерлік бүтінгі заманның шындығына құрылған. Автор өз кейіпкерлерін үлкен тартыстар үстінде аша отырып, олардың характерлерін әлеуметтік, интимдік, психологиялық түрғыдан дәл әрі көркем бейнелейді.

A 4702250201-028  
~~402(05)~~ 05

ББК 89 Қаз7-44

ISBN 9965-701-83-0

© Асылбекұлы С., 2005  
© “Жазушы” баспасы, 2005

---

## МЕКТЕП БІТІРУ КЕШІ

Нұраш сыңғырлаған алты бөлмелі сәнді үйдің осы жаңағана, мықтаса бұдан екі-үш-ақ сағат бұрын тап-таза етіп сыйырылған мұнтаздай кең ауласында тұрып жан-жағына сүсіне көз салды. Иә, мұнда іштегідей тынысынды тарылтатын қапырық та, тойдың құлағынды сарсытып, кісіні өбден мезі қылғанша таусылып бітпейтін көдуілгі абыр-сабыры да жоқ. Төнірек тып-тыныш қана мұлгуде. Ауланы айнала қоршаған ақ балтыр теректердің күнгірттеу жап-жасыл жапырақтары баюу желбіреп, болар-болмас сыйсың қағады. Есік алдындағы шағын бақтан соққан кешкі желкем шірген шөп пен ақ кекіренің кермектеу жұпар иісін өкеліп түр. Ауа да, жұлдыздары жамыраган зенгір аспан да июның мынау тамылжыған ерке кешіндей түп-тұнық. Ауық-ауық шегірткенің шырылы, арық бойындағы бақалардың өлденеге мазасызданып, тынымсыз құрқылдасқан үндері естіліп қалады.

Нұраш рақаттана бір керіліп алды. Кеудесін қысынқырағандай болған соң, бүгінгі мерекеге арналып тігілген су жаңа кремплин костюмін қолына шешіп алып, астарын сыртына қайтара әдемілеп бүктеп, анадай жердегі теректердің біреуіне апарып іле салды.

Бүгін мұнда той. Мектеп бітіру тойы. Іштегі музыка үні толассыз төгілуде. Қызы дауысты бір жап-жас жігіт өн айтып түр. Ән. Лирикалық ән. Ауық-ауық оны дастарқан басындағы тойшылардың хормен шыққан оқыс күлкілері боліп кетеді.

Шамалыдан соң радиоланың жаңына біреу барып, музыканы жар ортадан үзіп жіберді. Қобырласқан, жабырласқан үндер өлдекім команда бергендей сәл уақытқа саптына қалды. “Сөйлегелі жатыр...” Нұраш тымырыс тына қойды. Астындағы орындықты дыр еткізіп, төр жақтан біреу сөз айтуга тұрғандай болды. Кім де болса, үлкендердің біреуі.

“Хм-м...” —деді әлгі сөз сөйлеуге тұрған кісі. Терезенің ашық қалған желдеткішінен бәрі ап-анық естіліп тұр.

— Жолдастар!.. Хм-м...

“Ә-ә, Саламаттың көкесі еken ғой. Осы үлкен кісілер де қызық: бұрын сөйлеп көрмеген бе, немене...”

— Иә, жолдастар!— “Жоқ, бұл жолы даусы сенімді шықты. Енді сейлейді”...

— Біздін бұл араға қандай себеппен жиылып отырғанымыз бәрінізге түсінікті болар деймін...

Нұраш мырс етіп құліп жіберді. “Енді тындараса да болады. Шынында қызық-ау өзі. Осы бізді, қазактарды, шешен дейтіні қайда? Жалғыз Саламаттың көкесі емес. Тіпті біздің мектеп директорының өзі әр жиналысты ашарда естіп бір қылғынып қалады...”

Іштен ду еткен жаппай құлқі естілді. Тіпті өлі құліп жатыр. Нұраш қапелімде айнып шыға келді. “Дегенмен мықты өзі. Жұрт тегін мәз болып жатпаган болар. Әрине, тегін емес. Қап, есіте алмай қалғанымды қараши!.. Рас-ау, бәлкім, әлгі шешендей дейтін осы болар. Құр сұлу сөз неменеге керек...”

Іштегі абыр-дабыр қайтадан күшіне тұсті. Рюмкалардың нәзік үнді сыңғыры естіліп қалып жатыр. Осы кездे сыртқы есік ашылды да, ақ көйлек, қара костюм киіп сықып қалған біреу көрінді. Саламат екен.

— Сен не ғып жүрсің-ей? — деді ол айналаға желпіне карап қойып. — Шіркін, даланың тамашасын-ай...

— Әлгі сөйлеген сенің папаң ба?— деді Нұраш сұраққа жауап берудің орнына әлденеге жымып.

— Иә.

— Қызық бірдене айтты ғой деймін. Жұрттың бәрі құліп жатыр...

— Қайдагы қызық?!—деді Саламат мұрнын шүйіріп.

— Жоқ, сен түсінбенсің, қызық...

Саламат таласқан жоқ.

— Білмеймін, қызық болса, қызық шығар. Әйтеүір, жұрт құліп жатыр ғой,— деді. — Нұраш деймін...—деді сонаң соң тосын жаңалық айтатын кісішке жолдасына шұғыл бұрыльып. — Байқадың ба, үлкендер де әдемі-ақ сілтейді екен. Тіпті апайларға дейін ақ аракты сыңғытып отыр. Ал өншейінде бізге: “Ойбай, ішпендер...” — деп зарлағанда жақсы, ө?

— Той емес пе? Іshedі ғой...

— Жоқ, мен оларды кінөлағалы тұрған жоқпын. Нансаң, тап қазір өзім соларды сүмдүк жақсы көріп кеттім. Нағыз абзal адамдар еken гой.

— Қойшы-ей, тіпті Алпысбаев та ма? — Алпысбаевтың Саламатты физикадан талай зарлатқанын өлі ешкім де ұмыта қойған жоқ болатын.

— Несі бар, Алпысбаев та тамаша адам. Тек ол кісі шектен тыс күйгелек. Айттым ғой бәрі жақсы деп. Құдайдай шыным. Тек, білесің бе, олардың бәріне тәn біr үлкен қателігі бар.

— Білмедім...

— Иә, оны олардың өзі де білмейді. Меніңше, өрбір педагогтың бірден-бір, әрі ең басты қателігі — олардың бізге үнемі бала деп қомсына қарайтындығы. Жаңағы арак мәселесін-ақ алайықшы: ау, босқа “ішпе-ішпе” деп зарлай бергенше: “іш, бірақ өзінің уақытында, деніңін саулығына байланысты” демей ме! Жалпы қай нәрседе де реалист болу керек қой.

— Сен де айтқыш екенсің. Сонда, немене, саган аракты ішे бер деуі керек пе олардың?

— Түү, сен де... — Саламат жолдасының “ұғымсыздығына” шынымен-ақ ренжіп қалғандай болды. — Бұл өншіейін айтыла салған мысал емес пе!

Той өтіп жатқан үлкен үйдің сыртқы есігі сықыр ете қалғандай болды.

— Тcc!.. — деді Нұраш саусағымен ернін түмшалай қойып. Екеуі де дереу тыйылып, есікке қарай аңтарыла қалды. Тысқа тағы біреу шықты.

— Өй, Алмагұл ғой... — деді Саламат жайбарақаттанып.

Қыз туфлиін жүре киіп, әлгі есік алдындағы бақтын темір қоршауына сүйенісіп тұрған екеуге қарай беттеді. Денесімен дене боп қалған шымқай ақ көйлегінің етегі көлбен қағады.

Саламат оған салғаннан тиісе сөйледі.

— Өзің тойып алғанбысың немене, аяғың қисаң-қисаң етеді ғой.

— Е, ішсек несі бар, іштік!.. — деді қыз тайсалмай. Коздері тиісерге қара таппагандай шоқша жайнап, құтырынып-ақ тұр.

— Іш, іш! — деді Саламат табан астынан оған пәлендей ештеңе тауып айта алмай. — Ал, анда не қызық болып жатыр?

— Қызық ештенесі жоқ. Бәрі жалмандал ішіп-жеумен өуре.

— Қалай... былай, үлкендер жағының қозгала қоятын ойы жоқ па? По-моему, детское время уже кончается.

— Білмеймін. Директор ағай “еңді қайтсақ па” дегендей кылып еді, ата-аналар жағынан біреу что-то қарсы болды ау деймін.

— Жарайды өздері білсін,— деп қойды Саламат.

Жұлдыздар көбейген үстіне көбейіп барады. Тамылжыған кештің түп-тұнық ал қара кек аспанында жаңа тұскен келіншектей сзылып өлдекайдан ай көрінді. Төңірек тыптыныш-ау: ең ар жағы көше бойындағы арықтарды бойлай жүгірген судың бүлкіліне, ауық-ауық лұп ете қалған самал жедің ағаш жапырақтарын болмашы сипап өткен сыйбырына дейін ап-анық естіліп тұр. Әне, клуб жақтағы телеграф бағанына орнатылған ескі репродуктор өуелі көкірек ауруы бар адамша бір қырылдап-сырылдап алып, Мәскеу уақыты бойынша тұнгі он екі болғандығын білдіріп, дыңылдай жөнелді. Дәл осыны, радионың Мәскеу уақыты бойынша тұнгі он екіні соғуын күтіп отырғандай-ақ, той болып жатқан үйдің едені ары-бері сапырылысқан кіслердің аяқ киімінің дүсіріне толды да кетті. Бірін-бірі қоштай қауқылласқан, өлденеге келісе алмай даурығысқан үндер естілді.

— Қайтқалы жатыр... — деді манадан бері абыр-дабырдың мәнісін зер сала тыңдал түрған Саламат. Алмагұл бейне үстінен бір ауыр жүкті аударып тастағандай “Үн” деп жеңіл ғана күрсініп салды.

— Слава Богу...

Тысқа үлкендермен бірге топырласып бүгінгі мерекелердің иелері — мектеп бітірушілер де шықты. Бәрі сондай сөнді. Әсіресе қыздар. Мамыр айының ақ көбелектері тәрізді. Егер қолтықтарына бір-бірден қауырсын байлай салса, тап қазір өуеге қалқып шыға келердей боп шеттерінен үлбіреп тұр.

— Түн, біздің қыздар сұлу екен ғой!.. — деді Нұраш тамсанып.

Саламат та қоштай кетті.

— Рас. Шіркіндер тұра пейіштен шыға келгендей...

— Ә-ә, солай ма екен?!— деді Алмагұл тәлімсіп.

Есік алдындағы абыр-сабыр әлі басылар емес. Үлкендер жағы мына үлпілдеген балапан жастықты — өздерінің сүйікті үлдары мен қыздарын, шәкірттерін — қапелімде оп-онай қылып кете алмағандай аулада дабырласумен тұр. Дәл қазір бас салып үйді-үйлеріне тарасқан жөн бе, өлде тамылжыған маусым аспанының астында осы бір маусым кешіндей

мөлдірекен мына темір қанат жас өскіндермен тағы да бірауық, бірге болып, мерекенің қызығын сөл ұзарта түскендері мақұл ма — ол жағын өздері де анық білмейтін тәрізді. Осыны байқағандай, орыс тілі мен әдебиеті пәннің өқытушысы, әрі мектептегі драма үйірмесіне жетекшілік ететін Майя Дмитриевна аспан түстес мөлдір көздерін жан-жағына наздана төңкеріп, ортаға шықты.

— Қане, жастар! Біздің көзімізше тағы бір мәрте билендерші,— деді ол мектеп бітірушілерге қылғандай болып. Қыздар жағы шу етіп, қоштай кетті.

— Балалар, радиоланы алып шығындар,— деді олардың біреуі Әмірлі дауыспен.

Екі бала жүгіріп іштегі радиоланы өкелуге кетті. Тағы да төңіректі музыка үні керней жөнелді. Тағы да манағы қызы дауысты жап-жас жігіт бапты қоңыр үнімен оркестрге қосылды.

Майя Дмитриевнаны қоршап алған әлгі шу ете қалған бір топ қызы апайларымен қоштасарда соңғы мәрте билеп қалуға таласып, дуылдасып жатыр. Ақыры жеңіске жеткен табандылау біреуі омартадағы аралардың талауынан әзер қашып құтылғандай қып-қызыл бол тершіл кеткен, бірақ соңдай көңілді, тіпті дәл қазір өлшеусіз бақытты мұғалиманы жетелеп ортаға шықты. Жаппай би басталды да кетті. Биге жастармен бірге аяқтары жеңілдеу үлкендер жағы да қосылды.

— Анаң қара!..— деді осы кезде Алмагұл сыңқ етіп. — Рақат Жағыпарович те кіріспін кетіпти.

— Несі бар?..— деді Нұраш оны жақтырыңқырамай.

Сонда да қызы құрғыр сыңқылдаған өсем күлкісін тыя алар емес.

— Аяғын айтам, аяғын...— дейді ол булығып.

Рақат Жағыпаровтың аяғының ептеп сылтитыны бар еді, Алмагұлдің нені мензеп тұрғанын Нұраш жаңа барып түсінгендей болды.

— Е-е!..— деді ол да күлімсіреп.

— Дегенмен жаман емес,— деп қойды мұғалімнің бар қимылын көз алмай бақылаумен тұрған қыз.

— Тіпті білінбейді ғой,— деді Нұраш.

— Рас, билегенде білінбей кетеді екен...

Көп ұзамай би бітті.

— Ал енді біз қайталық, балалардың өздері бірауық көңіл көтерсін,— деді үлкендердің біреуі көпшілікке естірте дауыстап.

Қонақтар әдепкіде оның сөзін елей қоймаған сыңай танытқанмен, тағы ол-пұлдың басын шатып, біраз дабырласып құмарлары тарқағандай болған соң, жастарға тойын өткізуге әдейі үйін босатып беріп отырган (мектеп үйінде жөндеу жұмыстары жүріп жатқан) отбасының иелері—10 “а” класының старостасы Айбардың әке-шешесіне алғыстарын жаудырысып, үздікті-создықты тараи бастады. Қоппен бірге аяғын сылти басып Рақат Жағыпарович та қақлаға қарай беттеген. Қақлаға таяла бергенде, оның көзі бақтың қоршау теміріне сүйенісіп, көпшілкten оқшау қалған үшеуге түсе кетті.

— Әй, сендер не ғып тұрсындар?— деді мұғалім өзінің генералға лайық қою, жуан даусымен ғұр етіп.

— Жай...— деді балалар жағы міңгірлеп.

Алмагұл жауапты нақтылай түсті.

— Ағай, таза ауамен дем алып тұрғанымыз ғой,— деді қыз окушыдан ғөрі Рақат Жағыпаровичпен өзіл-қалжыны бар оның қатар-құрбы адамына үқсанқырап.

— Ә-ә, жөн-жөн... Шынында, бүгін күн тамаша-ак екен-ау!

Рақат Жағыпарович шәкірттерінің жанында бұдан әрі бөгелудің ретін таппағандай ілгері қарай қозғалды. Алмагұл Нұрашқа сыйыр ете қалды.

— Ағайды шығарып салайық.

— Неменеге?.. Жарайды, мейлін,— деді, Нұраш селқостау келісіп. Алмагұл оны еріксіз сүйрекендей қылып, жігіттің қолынан тастай қысып алған күйі жүгіре жөнелді.

— Ағай, сізді шығарып салайық деп едік...— деді қыз әлі осы маңнан үзай қоймаған мұғалімдеріне қатарласа беріп.

Рақат Жағыпарович оқыс шыққан дауыстан сelt етіп әдепкіде бұларды қаранғыда шырамыта алмағандай сөл антарылып қалды да, артынша риза болған пішінмен күлімсіреп қойды.

— Ә, сендер екенсіндер ғой, жөн-жөн!..

— Ағай бізді танымай қалды-ау деймін,— деді Алмагұл кісінің қытығына тиетін сылқымдау құлкісіне салып.

— Рас...— деді мұғалім әлдене есіне түскендей еріксіз күлімсіреп. — Өздерің бүгін есейіп-ақ кетіпсіндер. Ех, балалар-балдырғандар!..

— Ағай, енді біз бала емеспіз. Кәмелетке жеттік...— деді Алмагұл куақыланып.

— Қара мұны!..— Мұғалім қалжынбастау шәкіртінің шаттықпен жайнаған балбұл жүзіне сүйсінгендей азырак

көз токтатып қарап өтті. — Мейлі, маған бәрібір баласындар гой,— деді сонаң соң. — Мына Нұраш екеуің осында мұғалім боп ауысып келгенде бірінші ме, әлде екінші ме оқитын, әйтеуір әлі мұрындарынды сұртуді білмейтін қарасирап едіндер. Ех... өмір бізді өстіп алдап соғады екен. Ал маған соның бәрі күні кешегі сияқты.

— Қойыңызшы, ағай!.. Біздің мұрнымыз таза болатын,— деді қыз сыңқылап.

Рақат Жағыпарович бұл жолы онымен келісті.

— Рас, сенің мұрның таза болса, болған шығар. Сол кезде-ақ өстіп тақылдап тұратынсың. Ал мына Нұраш үялшак еді, көпшіліктен қашынқырап жүретін. — Үшеуі де ракаттанып күліп қалды. Сәлден кейін бұлар бірауық үнсіз қатарласқан күйі ауылдың шет жағындағы шолактау бір көшенні кесіп өтіп, жолдың екінші бетіне шықты.

— Ал енді осы арадан қайта қойындар, — деді мұғалім жолдың екінші бетіне шыққаннан кейін. — Сендерге көп рақмет!..

Балалар орындарынан қозғала қоймай, көленкесі қараңдап, бірте-бірте ақсандай басып үзай берген үстазын көзбен үзатып тұра берді. Мұғалім бұлардың әлі кете қоймағанын желкесімен аңғарып бара жатқандай, біраздан соң артына әдейілей бұрылып:

— Бар-бар, біраз ойнап қайтындар...— деді шәкірттерінің мына оқшау тұрыстарына еріксіз мейірленіп кеткендей.

— Сау болыңыз, ағай...

— Сау болыңдар, қарастарым!..

Арада бір-екі минут өткенде мұғалім қараңғылыққа сініп, мүлде көрінбей кетті.

Екеуі аяқтарын санап басқандай баяу аяндал, кейін қайтты.

— Осы ағай қызық,— деді біраз жүргеннен кейін Алмагұл тілге келіп.

— Несі қызық?— деді Нұраш. — Жақсы оқытуышы...

— Жок, оны айтпаймын. Мінезі де. Сөзін көрдің бе: “Бар, ойнандар...” — дейді. Бір түрлі бала сияқты өзі. Нұраш...

— Әу...

— Осы кісінің өмірден бір өкініші бар-ау деймін. Кейде қарапайым салы суға кетіп, мүлде тұнеріп жүреді. Соңда да көрер көзге қартайып кеткендей көрінеді маған. Папамдар айтады: “Ертеректе тәуір-тәуір қызметтерде болған. Анық басы істейтін жігіт. Бір себептермен төмендеп келген жері гой” деп.

— Немене, сонда мұғалімдік нашар қызмет болғаны ма?

— Білмеймін... Байқайсың ба, әйтеуір осы Рақат ағай жасырып ішсе де, көп ішеді. Әсіресе дүйсенбі күндері белгілі: көздері қанталап, қып-қызыл боп жүреді. Бірақ өзі нағыз ер: жұртқа тұқ сыр бермейді-ау.

— Қайдам?.. — Нұраш иығын қиқаң еткізді. — Ондайды сендер білгішсіңдер ғой.

Тұн ортасы әлдеқашан ауып кеткенмен, ауыл әлі ояу. Ауыл думан құрып жатыр. Ауыл той тойлауда. Дария жиекті жағалай салынып жатқан жаңа құрылыс жақтан сызылған гармоң үні келеді құлакқа. Ара-тұра оны жастардың көңілді күлкілері, абыр-дабыр үндегі көміп кетеді. Әуе сондай тұнық: салқын жерде бабымен үйіған қатықтай боп дірілдеп тұр.

— Мына жақта да той болып жатыр ғой деймін? — деді Алмагұл жаңағы сырнай үні шыққан жаққа аландал.

— Сәрсенбектің ағасының тойы, — деді Нұраш, — үйленіп жатыр...

— Кәдімгі Мұратовтың ба?

— Иә.

— Қойшы-еї!..

— Немене маган сенбей тұрмысыны?

— Қызық, өскерден келгені кеше ғана емес пе? Бізден үш-ақ класс бұрын оқыды-ау деймін өзі...

— Несі бар, мәселен, сен де бойжетіп тұрсың. Енді үш жылдан соң сениң де тойың болады.

— Құрышы әрі!.. — деді Алмагұл өп-өтірік жақтырмаған болып. Бірақ өзі тұра сол үш жылдан кейін болмағанмен, әйтеуір бір кездे сондай тойының болуына онша қарсы емес те сияқты. Көздері күлімдеп, соны тілеп-ақ тұр.

Осы кезде өлті жана құрылыс жақтан біреудің барылдай әндеткен масаң даусы шықты. Айыбы ішкені демесен, өлеңші жігіт әннің мазмұны мен ыргағына терең беріліп, барынша шырқауда. Алмагұл мырс ете қалды.

— Мынау дәү де болса Бақыттың даусы. — Екеуі енді әнгімелерін тауысып алғандай біразға дейін үнсіз қалысты. Ай жарық болғанымен, біреудің пішен қорасын айналып оте бергенде Алмагұл сиыр байлайтын жер қазыққа сүрініп кетіп, мұрттай үша жаздады. Нұраш болмағанда бір жерін жарақаттап алатыны анық еді, серігі оны дер кезінде сүйеп үлгерді. Сонда да қыздың аяғын қазықтың үші сәл жырып кеткен, Үлкен Алмагұл соны едәуір ауырсынып, орталық көшеге шыққанша Нұрашқа бір қолымен сүйеніп жүрді.

— Нұраш... — қыз орталық көшенің бойына шыққан соң одан бірденені сұрауға оқталып, бірақ қапелімде соны қалай үйлестіріп сұрапын білмегендей қорғаншақтаған үнмен.

— Әу...

— Осы сенің Бибіжанмен жүретінің рас па?

— Оны кім айтты саған?

— Қыздардың бәрі айтып жүр...

— Ендеше, сол қыздарыңдан сұрасайшы, — деді Нұраш бұртиып.

— Соңғы кезде екеуің бірденеге келіспей қалғансындар ау, — деді қыз оның бұртия қалғанын онша елей қоймай. — Сен де бүгін бір түрлі көнілсіз сияқтысың.

Нұраш бұл жолы қыздың сұрауын естімеген кісіше үнсіз жүре берді. Бұл сөйткен соң Алмагұл де одан әрі қазбалаган жоқ.

— Тек сен ренжіме... — деді біраз жүре түскеннен кейін кешірім өтінгендей жуас үнмен. — Ишай, тіпті жаурап қалдым.

Манағыдай емес, күн аяқ асты желкемденіп, аспанда шудаланған бүйра бүлттар қалқи бастанды. Теректердің басы тынымсыз сыпсындал қоя берді. Кенет Нұрашқа күтпеген бір батылдық енгендей болды.

— Ендеше кел, құшактап жүрейін, біраз жылынасың, — деді ол Алмагұлге құлімсірей бұрылып. Сөйтті де, ананың жауабын күтпестен қызды оқыс өзіне қарай икемдеп, оның жүп-жұмыр иығына қолын салды. Қыз оның құшактағанына пәлендей қарсылық білдірген жоқ, бар болғаны әлденеге ентек өкініш білдіргендей жеңіл ғана күрсініп қойып, қапелімде бұған бағынышты болып қалған кісіше үн-тұнсіз ере берді. Алмагұлдің денесі тондым дегеніне қарамастан оттай ыстық екен. Нұраштың тұла бойын өрт тигендей дүйлдатып жіберді. Жігіттің көз алды сәл-пәл көмекіленип, буалдыр тартқандай болды.

— Тоқтай тұршы... — деді ол қызға, алғашқыда соны неменеге айтқанын өзі де жете түсіне қоймай. Тамағы құрғақсып, даусы да бір түрлі жарықшақтанып шықты. Қыз оған таң қалғандай жалт қарады да, лезде Нұраштың козіне көзі түсе кетіп, үялғаннан қып-қызыл бол кетті.

— Нұраш...

Нұраш оны әрі қарай айтуга үлгерпей, бір ысып, бір ысынған тұла бойын әзер билеп, қыздың дірілдеген ернінен шөп еткізіп сүйіп алды.

— Нұраш... — деді қыз тағы да тұншыға сыйырлап. Бірақ бұл жолы жаңағыдай көп бұлқына қоймай, қайта жұп-жұмыр балғын иықтары өлдененден қатты шошынғандай дір-дір етіп, Нұраштың құшағына тығыла түсті...

Нұраш оны тағы да сүйді. Бұл жолғы сүйістері ұзактау, әрі тәттірек болды. Бір сәтке екеуінің де басы айналып, дүние өз-өзінен дөңгеленеіп жүре берді... Кенет Алмагұл оқыс бұлт етіп, кейін қарай серпіліп кетті. Қыздың қолдары нөзіктігіне қарамастан сүмдышқ қарулы екен, қатты серпіп жібергенде, абайсыз қалған Нұраш құлап қала жаздал, бойын өзер тежел үлгерді.

— Бибіжан!.. — деді қорыққаннан даусы да шықпай қалған Алмагұл сыйыр етіп.

Нұраш жалт қараған: бұлардың не бәрі он шақты метр жерден жүгіре басып екі қыз өтіп бара жатыр екен. Біреуі сондай таныс — салғаннан көзіне оттай басылды. Кейлегінің етегі делеңдеп аңдаусызда қасқырдың апанының үстінен шыққан қояндай алды-артына қарамастан зытып барады.

Нұраш қыздардың соңынан көз алмаған күйі үстінен жай түскендей қалшиып қатты да қалды. Тіпті бір сәтке жүрегі де соғуын тоқтата қойып, тым-тырыс тың тыңдай қалғандай болды.

— Қайтайық... — деді Алмагұл тұрып-тұрып.

“Мейлі, мейлі!” — деді Нұраш ішінен өлденеге ызалана күбірлеп. Ол тағы да Алмагұлді шап бере құшақтай алып сүймек болды. Бірақ бұл жолы қыз оған ырық бермеді, бұлқынып-бұлқынып, құшағынан еріксіз сусып кетті.

\* \* \*

... Той думаны қыза түскең. Үлкендер қайтқаннан кейін алты бөлмелі үйді емін-еркін иемденіп алған жастар араның ұясында гүлдеп жатыр. 10 “А” класының старостасы, әрі осы тойдың бас асабасы Айбар кәдімгі класс жиналышын ашардағы дағдысынша маңғазданып қойып, сөйлеп тұр.

— Тост біткенше осы арада күте тұрайық, — деді дәлізге енгеннен кейін Алмагұл көпшіліктің үстіне екеуден-екеу кіріп баруга өлденеден қысылғандай.

Нұраш көнді. Оған көзір бәрібір сияқты еді.

Айбар сөйлеп тұр. Көпшіліктің мысы басып, жүрт алдында қайта-қайта сүрініп, екі сөздің басын құрай алмай қарадан-қарап өлекке түсер кісің үл жес. Сәл баландау,

әйтпесе нағыз маманданған диктордан аумайтын қоныр даусы толассыз күмбірлеп, бірте-бірте кең бөлмені кернеп барады.

— Эй, осы біздің Айбар тым шешен, ә? — деді Алмагұл Нұрашқа құлімсірей бұрылып.

Нұраш қазір қөңілсіз еді, әңгімеге еліге қоймады.

— Тура бастық сияқты, — деді Алмагұл. — Түбінде бір совхоздың директоры болады.

— Неге тек совхоздың? — деді Нұраш сөл қитығың-қырап. — Мүмкін Қазақстанның ең бір ірі заводының директоры болуы. Мәселен, Алматының ауыр машина заводы сияқты.

— Қойшы, директор болған соң бәрібір емес пе?

— Бәрібір емес...

— Ал сен ше? Сен директор бола алар ма едің? — деді Алмагұл Нұрашқа жалт қарап. Нұраш қапелімде мынадай оқыс сұраққа тосылып қалды.

— Бола алмайсың. — Қызы оның орнына өзі жауап берді.

— Неге?.. — деді Нұраш кәдімгідей қызарактап.

— Директор болатын кісінің сұсы болуы керек. Ал сен үялшақсың, — деді Алмагұл. Соңан соң: — Т-сс!.. — деп іштегі сөзге құлақ түре қойды.

— ...Жолдастар, — деді Айбар әңгімесін қорыта келіп. — Бүгіннен бастап біз сөйтіп жаңа өмірге қадам басып отырмыз. Енді үлкен болдық. Қайталаймын — үлкен болдық! Қане, сол үшін!..

Жастар бір ауыздан ду ете қалды.

— Ура!.. Үлкен болдық, үлкен болдық!.. — десті олар күні бойы өрісте болып, енелеріне сағына табысқан қозылақша жамырасып.

— Көрдің бе, бүгіннен бастап үлкен болыппыз, — деді Алмагұл серігіне қарай қөңілдене жымысып.

Нұраш үлкен болғанына көп еліге қоймаған кісінің пішінімен үнсіз сөлбірейіп тұра берді.

— Немене, жаңағыға өкпелеп тұрмысың? — деді Алмагұл таңырқап. — Ойнап айтам, сен директордан да үлкен біреу боласың.

Нұраш үялғаннан қызырып қоя берді.

— Түү, сен де...

— Айттым рой, тым үялшақсың, — деді Алмагұл оны мазақтап.

Іштегі орындықтар онды-солды дырылдасып, жұрт жапа-тармағай қозгала бастады.

— Жолдастар, жаппай би жариялаймын, — деді тамада дүрілдеп. — Көне, би-би!... Дамский вальс.

Қыздардың біреуі шіңкілдеп оған қарсы болды.

— Немене, басталмай жатып!.. Әуелі офицерский вальс, — деді ол жөн-жобаны тәуірек білетінін анғартып.

Саламат бастаған екі-үш бала дүрсілдеп дәлізге шықты. Алмагұл осы қарбаласты пайдаланып, сыр етіп ішке еніп кетті.

— Сен манадан өлі жүрмісің? — деді Саламат Нұрашты жана көріп түрған кісіште таңырқап.

Балалар дәлізде тұрып темекі шегуге кірісті. Бәрінің қалтасында бір-бір қораптан “Қазақстан”. Жылтырақ қорапшадан бір түйір сигарет алып, Саламат оны бос түрған Нұрашқа ұсынды:

— Мә, шексейші!..

— Сен шекпеуші едің ғой, — деді Нұраш сигаретті алып жатып.

— Енді бізге бәріне рұқсат. — Саламат ыржыңдал күлді. — Үлкен болдық қой.

— Өздерін едәүір тастап алғансындар-ау деймін, — деді Нұраш өлденеге делебесі қозғандай болып.

— Бес-алты рюмкадан қылғыттық, — деді Саламат ықылыш атып.

— Жүр, ішесің бе?

— Ішке кіріп пе?

— Иә.

— Қой ұят шығар.

— Түү, сен де... — деді Саламат жақтырмай. — Ендеше осында алып шығайын.

— Мейлін...

Саламат езуіндегі сигаретті бүркүлдатқан күйі қисаландай басып, ішке еніп кетті де, лезде аузы ашылған бір жартылышты қолтықтап қайта шықты.

— “Русскийден” басқа қалмапты, — деді ол жартылыштың қалғанын екі жүздік қырлы стаканға лықылдата құйып жатып.

— Осыншама меймілдеткенің не? — деді Нұраш шүпілдеген стаканға жүрексіне қарап.

— Жарайды, ештеңе етпес. Сен күн ұзакқа ішкен жоқсың ғой.

Нұраштың акты бірінші татуы еді, стаканды ерніне апара бергейнен —әк арақтың тым ашы өткір сасық иісі қолқасын атып коя берді.

— Өй, немене... алып жібер! — деді жаңағы шылым тартуға шыққан балалардың бірі оны қайрап.

— Ішкен соң, тыжырынбай ішу керек, — деді екіншісі. — Тыжырынсаң арам болады.

Нұраш көзін жұмып жіберіп, көнігі ішкіштерше қылқылдатып жұта бастады...

Бірауықтан соң балалар би болып жатқан залға енді. Ортадағы үстелдер жиналып, қабырганы жағалай қаз-катар орындық қойылыпты. Нұраш солардың есік жақтағы біреуіне отыра кетті. Бірте-бірте жаңағы ішкені басына шауып, шекесін дыңылдатып барады.

Люстралары жарқыраған кең, сәнді бөлмені музыка үні кернеп түр. Баяғы сол өн. Лирикалық өн. Әнді айтушы да манағы қызы дауысты жас жігіт. Асықпай-аптықпай, баппен үздіге шырқайды. Ортада шыр айналған бишілер тобы. Биден шет қалғандар санаулы ғана. Нұраш солардың арасынан Бибіжанды іздеді. Жасыратыны жоқ, Нұраш оған өкпелі еді. Міне, бір жеті бойы мұның шақырганына шықпай жүр. Бір жеті бойы күн құрғатпастан Нұраш көк қақпаны күзетумен болды. Ерегіспін шықпайтындаі пәлендей жазығы да жоқ сияқты еді. Кім білсін...

Нұраштың есіне манағы оқиға түсе кетті. “Енді бітті... бәрі бітті!.. — деп ойлады іші жаман удай ашып. — Мейлі, мейлі...”

Терезе алдындағы бір топ үл мен қызы қызу айтысқа түсіп кетіпті. Бибіжан солардың арасында. Музыка үні олардың абыр-дабырын естіртер емес. Бірақ Нұраш бұл таластың жуық арада тоқтала қоймасын түсініп отыр. Ер балалар жағы айрықша озуерей қалған. Әсіресе Айбар. Ол дағдылы әдетінше қолын олай-бұлай сілтеп қойып, бір нөрсені құлшына дәлелдеуде. Ауық-ауық өзінікін мақұлдауды күткен сыңаймен жанындағыларға жалтактап қарап қояды. Бір-екі рет Бибіжанға бұрылды, бірақ анадан құтылу үшін басын құр изей салғаны болмаса, бұл таласта қазір оның шаруасы шамалы екендігі көрініп түр.

“Ex, Бибіжан, Бибіжан!.. Нұраштың іші ол дегенде остіп ерікіз уылжи кетеді ғой. Соны бірақ түсінеді деймісің. Қазір ғой, Құдай біледі, Нұрашты атарға оғы болмай түр. Әрине, бұдан да бар. Қапелімде қайдан сап ете қалды десеңіші... Тура андың жүргендей. Қой, андың не қылсын: кездейсоқтық десеңіші одан да. Кісіге абырой бермейін десе — осы ғой”.

“Мейлі, мейлі!..” — деді ол назалана күбірлеп. Дәл қазір ешкімді де кінәлағысы жоқ: екеуінің қунәсі бірдей сияқты.

Нұраш тerezе жаққа сүзілумен өлі отыр. Әйткенмен қанша қадалса да, бұл жаққа ең болмаса көзінің қиығымен болса да бір қарамай қойды-ау.

Би бітті. Жұрт жұп-жұбымен өз орындарына тарағ жатыр. Радиолаға жаңа құйтабақ салынды. Жоқ, жаңа емес. Тағы да әлгі қызы дауысты сылқым жігіт... Нұраш қараптан-қарап қүйіп кетті. “Немене басқа бірдене құрып қалған ба?!”

— Рақымжанов, билейміз бе? — деді біреу мұның иығына жұп-жұмсақ қолын салып. Алмагұлдің қолы. Нұраш қыздың жетегіне еріп, ортаға шықты.

— Рақымжанов, мұлде иің түсіп кетіпті ғой өзі, — деді қызы бұған сыйнай қадалып.

Нұраш масандуа көзімен қыздың тұла бойын бір сүзіп өтті. Жоқ, Алмагұл тіпті түк болмағандай ешкімнен қысылар емес: көздері кісіні еріксіз ішіп-жеп барады. Жаңа, осыдан бірер сағат бұрын ғана, мұнымен теректің түбінде тұрып сүйіспіл қалған басқа қызы сияқты. Нұраш назарын тайдырып алғып кетті.

— Жай... Басым айналып тұр.

— Қайдам?..

Осы кезде біреу барып радиоланы кілт үзді де, жаңа құйтабақ ауыстырып салды.

— Дұрыс болды!.. — деді Нұраш аяқ астынан көңілденіп.

— Не дұрыс болды?

— Пластинканы өзгертуенін айтам.

— А-а...

Бұл кәдімгі “Амур толқындары” дейтін вальс еді. Мектептегі кештердің қай-қайсы да бұл вальссіз өтпейтін. Өзі, шынында, керемет-ақ. Алғашқы аккордтардан кейін іле-шала-ақ тереннен шыққан мөлдір бастаудай шымыр-шымыр қайнаган екпінді, ерке музика сазы кісіні еріксіз дөнгелетіп ала жөнеледі.

Нұраш билеп жүріп көзінің астымен серігін тағы бір сүзіп өтті. Тым әдемі-ақ қызы. Қыр мұрын, қүнге totыққан ал күрең жұмыр мойын, кісіге сәл-пәл ішіп-жеп қарағаннан өзге міні жоқ, назды қоңыр көз. Әсіреле былқылдаған құс кеуде кім-кімді де састьргандай.

— Алмагұл, сен сүмдик әдемі екенсің ғой, — деді Нұраш қыздың құлағына сыйыр етіп.

— Қойшы-ей! Оны қайдан білдің?

- Шын, әдемісің... Бұрын қалай байқамағам?
  - Әлде де кеш емес қой, — деді қыз сыңқылдай құліп.
- Бірақ...
- Не бірақ?
  - Жә, қойшы енді сотша тергемей. Әне, Бибіжан қарап түр, үят болар.

Нұраш еріксіз жалт қарады. Бибіжанның бұларды сырттай бақылап тұрғаны рас еken. Кенет Нұрашқа козі түсіп кеткенде, ұрлық үстінде ұсталған баладай қыпқызыл боп, жалма-жан теріс қарай қойды. Нұраш оның өзіне “кет әрі” емес еkenін ұқты. Осы сөт өзін де, оны да бір түрлі аяп кетті...

— Нұраш, саған мұрт шығайын депті, — деді Алмагұл өзінен едөуір биік кластасынң иегінің астынан қарап.

— Шыққаны ғой... — Нұраш ықылассыз күңк етті.

— Қызық-ау, өзі, — деді қыз себепсіз мұная қап. — Рақат ағай айтпақшы, күні кеше ғана бала сияқты едік. Шынымды айтсам, оқып жүргенде: “Қашан мектепті бітіріп, мұғалім мен ата-ананың қыспағынан босанар екенбіз” деп асығатынмын. Он жыл дегенің тым ұзак көрінуші еді. Ал қазір қарап отырсан, соның бәрі көзді ашып-жұмғанша өте шыққан тәрізді. — Нұраш үндеғен жоқ. Шынында, балалық, окушылық құндерінің тым болмаса артына бір қайырылып бұрылмастан зымырап өте шыққаны рас еді.

— Нұраш...

— Әу.

— Сені оқуға жүреді дей ме осы?

— Иә.

— Алматыға шығар?

— Жоқ.

— Енді қайда?

— Ленинградқа.

— Ленинградқа! Е-е, бізден мұлде қарамды үзем десенші. Нұраш мырс ете қалды.

— Ондайды оқуға түсіп келген соң айтартсың.

— Сен түсесің, түсесің ғой... — деді қыз әлденеге өкініш білдіргендей. Нұраш пәлен деп қарсыласа қоймады, қарсыласқысы да келген жоқ. Дәл қазір оның ойы мұлде басқада еді.

— Қашан жүрмексің? — деді Алмагұл біраздан соң.

— Бұрсігүні.

— Әлі емтиханға ерте емес пе?

— Экей солай үйғарып отыр,— деді Нұраш. — “Ауылда жүріп бос сандалғанша, ертерек барып дайындаласың” дейді.

— Ол да жөн екен-ау. Ақыры жүретін болған соң, барып алғаның дүрыс қой.

— Ал сен ше?— деді Нұраш өз тарапынан үнсіз қалуға ынғайсыздынып.

— Біз бе? Біз асып кеткенде, облыс орталығынан қайтатын шығармыз. Сондағы көп техникум, училищелердің біреуін өурелейміз-дағы.

— Неге?

— Обалымыз өзімізге. Аттестаттағы ызғыған “үштіктермен” институт қайда енді? Сол училище, техникумдар да жарайды фой.

Нұраш күлді.

— Неге күлесің?— деді анау таңданып.

— Жай... Жалпы сен өте шынышыл қызысың.

— Қайдам?..— Алмагұл иығын қиқаң еткізді.

Вальс аяқталды. “Амур толқындары” жағалауды шылпышылп үрып, шымырлап барып қайнауын токтатты. Жұрттағы да орын-орындарына қарай аяңдады. Манағыдай емес, абыр-дабыр саябырсын деген. Кейбіреулері есіней бастапты.

— Енді бірауық аяқ сұytайық, — деді балалардың біреуі ұсыныс жасап. — Тамак та құргақсып қалыпты.

— Ие, сендердің сол ішү фой,— деді оның қасында тұрған Ұмысндық дейтін тәмпіш қара қыз жақтырмай танауын тыржитып. Қөпшілік жаппай белсенділік көрсете қоймады. “Осы не дер екен?” дегендей бәрі асабаға қарасқандай болды.

— Отырсақ, отырайық. Шынында, тамақтың құргақсып қалғаны рас,— деді Айбар. Соңан соң қабырғадағы аспалы сағатқа қарап қойып: — Мә, жігіттер, сағат бес болыпты,— деді таңданып.

Жұрт әделпі дастарқандағыдай асыға қоймай, самарқау қалыптен орын-орындарына жайғаса бастады.

— Нұраш, мұнда кел,— деді Алмагұл кейіндеу қалған серігін жанына шақырып. Нұраш сол Алмагулдің нұсқаған жеріне барып отырды. Осы кезде тыскә шығып келуге кеткен екі-үш қыз жау құғандай тасырлатып, үйге жүгіре кірді. Үсті-бастары, шаштары су-су.

— Жолдастар, жаңбыр жауып түр!..

Балалар өмірінде жаңбырдың жауғанын көрмегендей ушу болды да қалды. Артынша бәрі тым-тырыс тына қалысып, жаңбырдың қалай жауып тұрғанын тындасты. Сілтідей

тынған бөлме ішіне шатырды тырс-тырс қаққылай жөнелген нөсердің алғашқы тамшылары естілді. Соның арасында іле-шала аспанды қақ айырдай күн күркіреп қоя берді...

\* \* \*

Таң алдында тойшылардың алды тарай бастады. Алғашқылардың бірі болып жиналғандардың арасында Бибіжан да бар еді. Нұраш енді не болса да онымен оңаша кездесудің сәтін күтіп аңдумен отырған. Жанындағылардың көзін ала бере бүл да ауызғы үйге атып шықты. Бибіжан — қасында Сара дейтін жолдас қызы бар — аяқкімдерін іздестіріп жатыр екен. Қатарласқан шағаладай ақ туфлилер.

— Бибіш!.. — деді ол енді болмаса өзін біреу үстап алып жібермей қоятындағы қыздың жаңына дереу жетіп барып.

Бибіжан таныс дауысқа жалт қарады. Нұраш мына қарастан кәдімгідей сескеніп қалды. Қыздың ызалы жасқа шыланған әдемі көздері оқтаулы мылтықтай тым сұсты еді.

— Бибіжан!.. — деді сонда да ол мандаіы тасқа тимей қайтпайтын парықсыз өлеменде салынып.

Қыз қапелімде туфлиін де жөнделеп кие алмай, саусақтары дір-дір етіп, әбігерленді де қалды. Енді бүл жаққа қарамауга бекінген төрізді. Қаймақтай жұқа еріндерін жымқыра тістеп алыпты. Оның бірденеге қатты ренжігенде өститін әдеті еді (Нұрашқа осы қылышы керемет ұнайтын), сондықтан өзінің қазіргі өлемен қылышынан бірдененің шығар-шықпасы негайбыл нәрсе екендігін ол айқын түсінді.

Қыз туфлиінің асырмасын да ілгектеуге үлгермеій, аяқкімін сірісінен баса-маса сыртқа атып шықты. Нұраш ақылынан айырылған кісідей не істерін білмей мәнгіріп біраз тұрды да, жалма-жан өзінің ойынша осы арадан әлі ұзай қоймаған екі қыздың соңынан кua жөнелді.

Бірақ қыздар бірталай ұзап кеткен екен: көйлектерінің етегі ғана ағарандап, асып барады. Нұраш енді бар пәрменіне салып, тып-тыныш кешені тасырлата жөнелді. Арадағы қашықтық бірте-бірте жақындағы түсті.

Клубтың тұсына келгенде қыздар екі айрылды. Нұраш ауылдың шығыс жағындағы шет көшеге қарай бұрылған Бибіжанның ізіне түсті. Артынан күғын барын байқап қалған қыз жүрісті ширатты. Нұраш оны алдынан орамақшы болып кешенің келесі бетін айнала жүгірді. Екеуі де таныс шарбаққа қатар жетті.

— Бибіжан!.. — деді Нұраш ентігін баса алмай. — Тоқташи... — “Мен бүрсігүні жүрем, Ленинградқа” деп айтып сала жаздал, артынша оның қазіргі жағдайда оспадарсыздық болатынын аңғарып, тілін тістей қойды.

— Бибіжан!.. — деді ол тағы жыларман болып.

Қызы бүған соңғы рет жалт қарады да, аласалау ағаш шарбақтан төтесінен секіріп отіп, ауладан бір-ақ шықты...

Нұраш басқа ұрғандай есік алдында селтиіп аңтарылды да қалды. Іші әлденеге қатты удай ашып қоя берді. Бәлкім, бұл оның бас-аяғы бір тұтам дерлік азғантай ғұмырындағы ең бірінші, әрі ең ұлы қателігі болар ма? Бәлкім, бұл әлі нағыз қателіктің өзі емес, не бары оның басталуы ғана шығар. Ол жағын қазір ол ақылға салып таразылап жатпақ емес, әйтеуір, ол осы сәғ тек қана Бибіжанмен ғана емес, көкірекін еріксіз еңіз-теңіз ғып өткен көктемгі нөсердей тым алапат, әрі тым қысқа ең аяулы сезімімен, қайран күнәсіз балалығымен қоштасып тұрғанын еміс-еміс қана түсінгендей болды.

Нұраш амалсыз кері бұрылды.

Шығыстан таң сібірленіп келеді. Жаңбыр әлі сіркіреумен түр. Тойдан қайтқан жастар әрқайсысы өз көшелерінің тұстарына жақындағанда топтарынан жырылып, жан-жаққа тарап бара жатыр...

## БӨТЕННИҢ ТОЙЫ

Құлтай қыр төсіне қыз емшектеніп шанышыла біткен биік боз тәбенің басында шынтақтап жатыр. Ауық-ауық мойнын созып, төмендегі кең жазыққа бытырадай шашылып кеткен отардың о шеті мен бұ шетіне байырқалай көз салып қояды. Бұл мезетте отардың алды көз үшінда нар түйедей көлбegen Қоспактебенің қырқасына барып ілінген. Манағыдай емес, ауыздары көп шиыр бола қоймаған таза жердің күренеселі мол отына тигеннен кейін жөңкүін саябырыстып, қадалып қалыпты. Арқасын кенге салып бытырап кеткенімен, пырдай бол қозғалмастан жатыр.

“Мейлі, жайыла түссінші жануарлар...” Құлтай отарды қайыруға асыға қоймады.

Боз тобенің етегінде тұрқы қысқалау келген ерттеулі торы ат жайылып жүр. Иесінің тұсау салмай, бос жібергеніне карағанда, илеуге көндіккен жуас жылқы сияқты. Аттың